

Инвестиция нысандарының ұстаушысы болып табылатын Клиенттің Инвестиция нысандары Тізілімде есепке алу қызметтерін көрсетуге қатысты

қатысты

AIX ТІРКЕУШІСІМЕН КЕЛІСІМ

Осы АИХ ТІРКЕУШІСІМЕН Келісім (бұдан әрі – «Шарт»)

АХҚО заңнамасына сәйкес 180840900010 тіркеу нөмірімен тіркелген, Қазақстан, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/19, блок С 3.4. мекенжайында орналасқан

(1) «Астана» Халықаралық қаржы орталығы Биржасының Тіркеушісі» жеке компаниясы (бұдан әрі – «Тіркеуші»)

және

(2) осы Шарттың талаптарын сөзсіз қабылдайтын тұлға (бұдан әрі – «Клиент») арасында бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын тұлғалар арасында жасалды.

КІРІСПЕ

Осы Шартта агент немесе номиналды ұстаушы ретінде емес, өз атынан әрекет ететін Клиенттің Тіркеуші жүргізетін Тізілімдегі жеке шотында тұрған Инвестиция нысандарының есебін жүргізу бойынша Тараптардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін талаптар жазылған.

Тараптар кез келген қолданылатын АХҚО заңнамасы, Тіркеуші қағидалары оларға кезең-кезеңмен енгізілетін барлық өзгерістерімен қоса өзіне қатысты міндетті екендігін осы арқылы және әрқашан мойындайды.

1. ТЕРМИНДЕРДІ ТҮСІНДІРУ

1.1. Осы Шартта пайдаланылатын терминдер мен тіркестер, егер Тіркеушінің Қағидаларында өзгеше айқындалмаса немесе мәтінінен өзгеше туындамаса, келесі мағыналарға ие:

Шот – Тіркеуші Ережелерінің 1.1. тармағында көрсетілген мәнге ие;

АХҚО: «Астана» Халықаралық қаржы орталығын білдіреді;

АХҚО заңнамасы: мерзімді енгізілетін түзетулермен «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы заңнамасының шеңберіндегі АХҚО-ның кез келген қолданымдағы заңнамасын білдіреді;

Тіркеушінің Қағидалары: Инвестиция нысандары тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және Тіркеуші мен Клиент арасында туындайтын, Клиенттің Тізілімде оның жеке шотындағы Инвестиция нысандарын есепке алуды жүргізумен байланысты кез келген қарым-қатынастарды реттейтін Тіркеушінің кез келген қолданымды қағидалары мен ережелерін білдіреді;

Тарифтер кестесі: Тіркеушінің веб-сайтында жарияланған немесе Клиентке жіберілген, кезең-кезеңмен өзгерістер енгізілуі мүмкін Тіркеушінің Тарифтер кестесін білдіреді;

Жұмыс күні: Астана уақыты бойынша 9.00–18.00 аралығындағы (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелерінен басқа) кез келген күнді білдіреді;

Шарт күшіне енетін күн: осы Шарттың 2.1 тармағында көрсетілген күнді білдіреді;

Құпия ақпарат: а) іскер тұлға құпия деп орынды санай алатын: (i) беруші Тараптың (немесе Тіркеуші жататын компаниялар тобының кез келген қатысушысының) бизнесіне, іс айналымына, тапсырыс берушілеріне, клиенттеріне, жоспарларына, ниеттеріне немесе нарықтық мүмкіндіктеріне; сонымен қатар (ii) Тіркеушінің (немесе Тіркеуші жататын компаниялар тобының кез келген қатысушысының) операцияларына, процестеріне, өнімдер туралы ақпаратына, ноу-хауына, жобаларына, коммерциялық құпиясына немесе бағдарламалық жасақтамасына қатысты кез келген ақпаратты; және (b) осы Шартты орындау барысында Тіркеуші алған кез келген ақпаратты қоса, алайда олармен шектелмей, осы Шартқа байланысты бір Тарап екінші Тарапқа ашқан барлық құпия ақпаратты (қалай жазылғанына немесе сақталғанына байланысты емес) білдіреді;

Эмитент: инвестициялық нысанды шығарған немесе оны шығаруға міндетті кез келген заңды тұлғаны білдіреді, соның ішінде Инвестициялық нысанды ұсыну құжаттарына сәйкес Эмитенттің атынан әрекет ететін агентті қоса алғанда;

Тарифтер: Клиент Тіркеушіге Тарифтер Кестесіне немесе Тіркеушінің кез келген хабарламасына сәйкес Қызметтер үшін төлейтін кез келген комиссияларды және алымдарды білдіреді;

Топ: АХҚО Глоссарийінде көрсетілген мәнге ие;

Зияткерлік меншік: басқалармен бірге, патенттерді, тауарлық белгілерді, тауарлық атауларды, қызмет көрсету белгілерін, көрсетілетін қызметтердің атауларын, символдарды, тауарлық маркаларды, логотиптерді, фирмалық атауларды, компьютерлік бағдарламалық жасақтамаларды (бастапқы кодтарды қоса), деректер қорларын, ноу-хауды, дизайнды, домендік атауларды, авторлық құқықтарды және барлық сызбаларды, өнеркәсіптік үлгілерді, өнертабыстарды, коммерциялық құпияларды және тіркелген немесе тіркелмеген, әлемнің кез келген түкпірінде бар, қазір белгілі немесе келешекте жасалған барлық басқа кез келген сипаттағы құқықтарды қоса, кез келген типтегі және сипаттағы барлық зияткерлік меншік құқықтарын білдіреді;

Тұлға: кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді;

Санкциялар: әрбір нақты жағдайда осы шаралар қолданылатын шамада Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі, Еуропалық Одақтың реттеуші өкілеттіктері бар үкіметтік органдары, Ұлыбританияның (оның ішінде HM's Treasury), Америка Құрама Штаттары (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Америка Құрама Штаттарының шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC), Қазақстан Республикасы немесе басқа юрисдикциялардағы шектеу шараларын қабылдайтын кез келген басқа ұқсас органның қолданылатын экономикалық немесе қаржылық санкциялары, сауда эмбаргосы немесе шектеу шараларын, соның ішінде немесе қолданысқа енгізетін кез келген Заңдарды, ережелерді, санкциялар туралы актілерді білдіреді;

Санкциялық оқиға дегеніміз:

- (i) Клиентке, оның акционеріне/құрылтайшысына (бенефициар иесіне дейін) немесе оның Тобының кез келген мүшесіне немесе Клиент Тобының кез келген мүшесінің кез келген директорына тікелей немесе жанама түрде салынған санкциялар; және / немесе
- (ii) AIX тізіміне енгізілген немесе оларға сілтеме жасайтын Бағалы қағаздармен байланысты кез келген операциялар немесе басқа әрекеттер санкциялармен шектелуі;
- (iii) (i) немесе (ii) тармақтарда сипатталған жағдайларда санкцияларды қолдануға ниетті екендігі туралы тиісті органның мәлімдеме жасауы;

Тізілім: Тіркеуші Эмитент атынан жүргізетін Эмитенттің Инвестиция нысандары тізілімін білдіреді;

Өкілдер: Тарапқа қатысты, Тарап тиісті түрде өкілеттік берген оның қызметкерлерін, лауазымды тұлғаларын, өкілдері мен кеңесшілерін білдіреді;

Бағалы қағаздар: АХҚО заңнамасына сәйкес материалсыздандырылған нысанда шығарылған акцияны, борыштық міндеттемені, сертификатты, құрылымдалған қаржылық өнімді және пайды білдіреді;

Инвестициялық нысан: Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының инвестициялық монетасы;

Инвестициялық монеталар: асыл металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау нысаны болып табылатын Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының инвестициялық монеталары;

Инвестициялық монетаның бөлігі (үлесі): AIX Registrar есеп жүйесінде жасалатын, инвестициялық монетаның тиісті бөлігіне (үлесіне), оның құрамындағы химиялық таза салмағы грамммен (унциямен) анықталатын асыл металдан жасалған құқықтық талап.

«Қосымша» AIX әзірлеген және инвестициялық нысандарды сатып алу мен сатуға байланысты пайдаланушы мен Эмитенттер арасындағы, Инвестордың осы Шарт бойынша инвестициялық нысандарға құқықтарын есепке алу мақсатында пайдаланушы мен Тіркеуші арасындағы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ пайдаланушылар мен Эмитенттер арасындағы инвестициялық нысандарға қатысты мәмілелерді құжаттауға арналған «Tabys» мобильді қосымшасын білдіреді. Қосымшаны Қызмет көрсету қағидаларына сәйкес кез келген құрылғыға жүктеуге болады;

Қызмет көрсету стандарттары: 1-қосымшада жазылған қызмет көрсету стандарттарының талаптары мен ерекшеліктерін білдіреді;

Қолдану мерзімі: осы Шарт 2.2 тармақта сипатталғандай қолданылатын уақыт кезеңін білдіреді.

1.2. Тармақтар мен Қосымшаларға сілтемелер осы Шарттың тармақтары мен

Қосымшаларына жатады.

- 1.3. Осы Шарттағы тақырыптар тек қана ыңғайлылық үшін арналған және олардың заңды күші жоқ.
- 1.4. Жекеше түрде қолданылған сөздерге көпше түрдің мағынасы кіреді және көпше түрде қолданылатын сөздерге жекеше түрдің мағынасы да кіреді.
- 1.5. Осы Шартқа Қосымшалар осы Шарттың бір бөлігі болып табылады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

2.1. Шарт күшіне енетін күн:

Осы Шарт (i) Клиент Тіркеушіге қол қойылған өтінім нысанын ұсыну не (ii) Қосымша арқылы тексерістен кейін Клиент үшін Тіркеушіде шотты ашу не (iii) жасасуға келісімін көрсететін іс-әрекеттер немесе өзге де мінез-құлық арқылы, соның ішінде Клиент осы Эмитенттің түпкілікті акционерлерінің бірі болып табылатын Эмитент акционерлерінің тиісті түрде берілген шешімі арқылы жүзеге асырылған Келісімнің шарттарына тұспалданған немесе тікелей мәлімделген қабылдау мен қосылудан кейін күшіне енеді.

2.2. Шарттың қолданылу мерзімі:

Осы Шарт оны:

- (a) осы Шарттың 14-тармағына сәйкес;
- (b) 14-тармақты және Тіркеушінің барлық орынды талаптары сақталған жағдайда, Тіркеушіге шотты жабуға Клиенттің сұрау жіберу жолымен;
- (c) егер Клиенттің шотында 6 айдан аса операциялар немесе Инвестиция нысандары болмаған болса немесе басқа себептер бойынша, кемінде 3 жұмыс күнінен бұрын жазбаша хабарлама жіберу жолымен Тіркеуші бұзған сәтке дейін күшінде болып қалады.

3. ҚЫЗМЕТТЕР

- 3.1. Осы Шарттың талаптарына, Тіркеушінің Қағидаларына және АХҚО заңнамасының кез келген қолданылатын заңнамасының талаптарына сәйкес Тіркеуші Клиентке Клиенттің Тіркеуші жүргізетін Инвестиция нысандары тізіліміндегі шотындағы оның Инвестиция нысандарын есепке алу қызметтерін, осындай Инвестиция нысандарын Клиенттің Тізілімге аударуын тіркеуді, Клиенттің тиісті Инвестиция нысандарын Тізілімдегі оның шотында сақтауын растайтын ақпаратты немесе үзінді көшірмелері ұсыну, сонымен қатар Клиент сәтті тіркелгеннен кейін Tabus Қосымшасы арқылы қолжетімді басқа қызметтерді (бұдан әрі – «Қызметтер») ұсынады.
- 3.2. Тіркеушісі Бағалы қағаздар тізілімінде шот ашқаннан кейін, Тіркеуші Тіркеушінің клиенті болып табылатын эмитент ұсынған Эмитенттің соңғы акционерлерінің тізілімінде көрсетілген Клиенттің электрондық пошта мекенжайына немесе телефон нөміріне кіру кодын жібере алады.
- 3.3. Егер Клиент Қосымшаның қызметтерін алғысы келсе немесе Қосымшада қол

жетімді басқа қызметтерді пайдаланғысы келсе, Клиент Қосымшаны AppStore немесе PlayMarket арқылы жүктеп тіркеу процесінен өтуі керек, соның ішінде Tabys қосымшасында қол жетімді және оның веб-сайтында жарияланған Tabys қосымшасының құжаттамасын қабылдауы тиіс: <https://www.tabysapp.kz/>.

Егер Тіркеуші қандай да бір себеппен белгілі бір Эмитенттің Инвестиция нысандары тізілімін жүргізуді тоқтатса, бұл жағдайда мұндай Инвестиция нысандардың Клиенттің Тізілімдегі шотынан тізілімді жүргізудің басқа жүйесіндегі Клиенттің шотына Клиенттің және / немесе Эмитенттің нұсқауларына сәйкес көшірілетінін Клиент түсінеді және онымен келіседі.

4. КЕШЕНДІ ТЕКСЕРІС

4.1. Осы Шарт Клиенттің кешенді тексерісті орындауын және Тіркеушінің осы талапты сақтау фактісін және тексеріс нәтижелерінің қанағаттанарлық екендігін растауын (яғни Тіркеуші барлық жағынан қанағаттанарлық ретінде растаған) қарастырады.

Кешенді тексеріске (Тіркеушінің қарауы бойынша):

- (a) Клиентті сәйкестендіру;
- (b) ақшаны жылыстатуға қатысты тексерістер; және
- (c) Тіркеушінің Қағидаларына және АХҚО Заңнамасына сәйкес талап етілуі мүмкін, Тіркеуші орындайтын кез келген басқа тексерістер кіруі, бірақ олармен шектелмеуі мүмкін.

Тіркеушіге кешенді тексерісті аяқтауда жәрдем көрсету мақсатында Клиент барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты беруге келіседі.

5. КЛИЕНТТІҢ МІНДЕТІ

5.1. Клиент:

- 5.1.1. Осы Шарт, Тіркеуші Қағидалары бойынша Тіркеушінің міндеттемелеріне қатысты немесе қатысы бар ақпаратты қоса, Қызметтерді тиісінше көрсету үшін Тіркеушіге қажет барлық ақпаратты, деректерді, құжаттаманы (жазбаша түрде, егер мұны Тіркеуші талап етсе немесе сұратса), осы құжаттардың қажеттігі пайда болған сәттен бастап, соның ішінде ұсынылған құжаттарда немесе ақпаратта кез келген өзгерістер болғанда кідіріссіз ұсынуға;
- 5.1.2. Тіркеушіге берілетін барлық ақпараттың, деректердің және құжаттаманың шынайылығын, дәлдігін және толықтығын қамтамасыз етуге;
- 5.1.3. Осы Шартқа және Тіркеушінің Қағидаларына байланысты Тіркеуші негізді түрде сұрататын кез келген басқа ақпаратты және көмекті кідіріссіз ұсынуға;
- 5.1.4. Санкциялық оқиға болған кезде дереу Тіркеушіге хабарлауға міндеттенеді.

6. ТАРИФТЕР ЖӘНЕ АЛЫМДАР

6.1. Тіркеуші Клиентке төлем шотын жібере алады және Клиент Тіркеушіге барлық Тарифтердің, алымдардың және Тіркеушінің Тарифтер Кестесінде көрсетілген басқа да төлемдердің жиынтық сомасын төлеуге міндеттенеді немесе Тіркеуші мұндай сомаларды Клиенттің банк шотынан / кастодиандық шотынан және/немесе картасынан Клиенттің алдын ала келісімінсіз есептен шығара алады.

Төлемді жүзеге асырмау 6.1 тармаққа сәйкес Шартты бұзу болып табылады және Тіркеуші барлық құқықтар мен құқықтық қорғау құралдарын (шарттық құралдарды да, сонымен қатар туындауы мүмкін құралдарды да) өзіне қалдырады. Тіркеуші 6.1 тармаққа сәйкес төлемді жүзеге асырмаудың және өз құқықтары мен құқықтық қорғау құралдарын пайдаланбау нәтижесінде туындайтын (күтілетін пайданы немесе деректерді қоса, алайда олармен шектелмей) кез келген жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін ешбір жағдайларда жауап бермейді.

- 6.2. Клиент 6.1 тармаққа сәйкес төлемдерді жүзеге асырмаған жағдайда, Тіркеуші Клиенттің оның Тізілімдегі шотында сақтаулы Инвестиция нысандарын барлық Тарифтерді, алымдарды және Тіркеушіге төлеуге жататын басқа да төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету үшін кепілдік ретінде пайдалана алады. Клиент құқықтары

кепілдік пәні болып табылатын Инвестиция нысандарымен қандай да бір операцияларды жасай алмайды, сонымен қатар өзінің 6.1 тармаққа сәйкес міндеттемелерін орындамау кезеңінде Тізілімдегі шотынан қаражатты есептен шығара алмайды.

- 6.3. Тараптар осы арқылы Клиент осы Шартқа сәйкес жүргізуі тиіс төлемдерді Тіркеуші мен үшінші тарап арасындағы келісімнің негізінде Тіркеушінің үшінші тараптан қабылдай алатынымен келіседі.

7. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

- 7.1. 7.2-тармаққа сәйкес Клиент Тіркеушінің оған ұсынылған кез келген құжаттың жарамдылығын немесе рәсімделуін тексеруге міндетті еместігімен және Тіркеуші қолдан жасалған, дұрыс емес немесе шындыққа сәйкес емес болып табылатын кез келген құжаттардың жарамды ретінде қабылдануы себебі бойынша Клиенттің алдында жауап бермейтінімен келіседі.
- 7.2. Егер құжат объективті белгілері бойынша жарамсыз болып көрінсе немесе нақты жағдайдың мән-жайлары Тіркеушінің қойылған қолдың немесе мөрдің шынайылығына күмән келтіруіне негіз бар болатындай болса, онда Тіркеуші құжаттың жарамдылығын тексеру үшін орынды шаралар қабылдай алады, соның ішінде құжаттардың шынайылығына күдігі бар болған жағдайда Қызметтерді көрсетуден бас тарта алады. Егер осындай орынды шараларға қарамастан, құжат қабылданып, кейіннен жарамсыз деп танылған болса, Тіркеуші Клиенттің алдында немқұрайлылық үшін немесе өзге негіздер бойынша жауап бермейді.

8. ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ

- 8.1. Клиент Инвестиция нысандарын Тізілімде сақтауға қатысты жазбалар мен құжаттарды, оның ішінде Дербес деректерді, сақтауға және жоюға Тіркеушіге өкілеттік береді.
- 8.2. Егер көшірмелері электрондық нысанда қолжетімді болса, құжаттарды Тіркеуші сақтаған болып саналатынын Клиент растайды және осымен келіседі. Құжаттың электрондық көшірмесі бар болған жағдайда, Тіркеуші құжаттарды қағаз нысанда сақтауға міндетті емес.
- 8.3. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Клиенттен немесе оның атынан алынатын барлық құжаттарды Тіркеуші сканерлейді және, егер қолданыстағы қандай да бір заңнамада өзгеше көрсетілмесе, бұл құжаттарды электрондық нысанда сақтайды.
- 8.4. Тіркеуші Клиентке қатысты орындалатын әрбір әрекетке немесе операцияларға қатысты транзакцияларды көрсету және түсіндіру және Клиент үшін шоттарды АХҚО қағидаларына немесе басқа қолданылатын құқыққа сәйкес дайындау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін есеп жүргізеді.
- 8.5. Заңмен өзгеше көзделмесе, Тіркеуші жазбаларды оларға қатысты күннен бастап кемінде 7 (жеті) жыл сақтауы тиіс.

9. ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

- 9.1. Осы Келісім шеңберінде Тараптар осымен дербес деректерді өңдеуге қолданылатын қолданыстағы ережелерді, атап айтқанда, АХҚО-ның 2017 жылғы № 10 Деректерін қорғау Ережелерін («Ереже») сақтауға міндеттенеді.
- 9.2. Осымен Клиент өзінің дербес деректерін Тіркеушімен немесе осы Келісімде сипатталғандай оның атынан өңдеу туралы хабардар етілгенін растайды.



ASTANA
INTERNATIONAL
EXCHANGE
REGISTRAR

9.3. Дербес Деректерді Өңдеу

Осы Келісімді орындау мақсатында Тіркеуші деректерді Бақылаушы ретінде

Ережеге сәйкес Клиенттің дербес деректерін жинайды, сақтайды және өңдейді. Клиент Тіркеуші арқылы Клиенттің дербес деректерін өңдеу, өңдеудің мақсаты, дербес деректерді алушылар және осы Келісімге сәйкес клиенттің құқықтары туралы анық және түсінікті нысанда хабардар етілді.

9.4. Дербес деректерді Сақтау

Клиент Тіркеуші өзінің дербес деректерін Клиентке тиесілі Инвестиция нысандарын шоттарын енгізу, басқару және басқару үшін немесе заңды немесе нормативтік міндеттемелерді орындау үшін, соның ішінде салық заңнамасы мен бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес қажет болған жағдайда ғана қолданатынын түсінеді. Арнайы заңнамада белгіленген дербес деректерді ұзағырақ сақтау міндеттерін қоспағанда, Клиенттің дербес деректері кез келген жағдайда, осы Келісімнің қолданысы аяқталғаннан кейін 7 (жеті) жылдан кейін Тіркеушінің жүйелерінен алынып тасталуы тиіс.

9.5. Деректерді Халықаралық тасымалдау

Клиент Тіркеушінің және осы Келісім жасалған күні Клиент иелігіндегі Инвестиция нысандарының есебін жүргізуге көмектесетін кез келген үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде екенін түсінеді. Осыған байланысты Клиент дербес деректерді АХҚО шегінен тыс юрисдикцияда орналасқан бұлттық қызмет провайдерлеріде тасымалдауға, өңдеуге және сақтауға болатынын түсінеді. Сонымен қатар, Клиент Клиентке тиесілі Инвестиция нысандарын есепке алу үшін дербес деректерді кез-келген үшінші тұлғаларға тасымалдау қажет екенін мойындайды және түсінеді. Тіркеуші Клиенттің дербес деректерін берудің заңды негізі клиент алдындағы шарттық міндеттемелерін сақтау болып табылады.

9.6. Ережеге сәйкес Клиент келесі құқықтарға ие:

9.6.1. Қол жеткізу құқығы

Клиент кез-келген уақытта өзінің дербес деректері жиналғанын, қай уақыт кезеңінде және қандай мақсатта жиналғанын сұрауға құқылы.

9.6.2. Түзету құқығы

Клиент өзінің сұрауы бойынша кез келген уақытта жалған немесе толық емес дербес деректерді түзетуді немесе толықтыруды талап етуге құқылы.

9.6.3. Өңдеуді шектеу құқығы

Клиент өзінің дербес деректерін өңдеуді шектеуді талап етуі мүмкін. Бұл дегеніміз, қарастырылып отырған деректер біздің компьютерлік жүйемізде "белгіленуі" керек және оны белгілі бір уақыт аралығында пайдалану мүмкін болмайды.

9.6.4. Жою құқығы

АХҚО заңдарында талап етілетін ерекшеліктерді ескере отырып, Клиент өзінің дербес деректерінің жойылуын талап етуге құқылы. Егер келесі себептердің бірі қолданылса, Тіркеуші дербес деректерді дереу жоюға міндетті:

(а) Клиенттің дербес деректері олар жиналған немесе басқаша өңделген мақсаттар үшін қажет емес болуы;

(b) Клиент клиенттің дербес деректерін өңдеуге негізделген келісімін қайтарып алуы және өңдеуге басқа заңды негіздердің болмауы;

(c) Клиенттің дербес деректері заңсыз өңделуі.

Жою құқығы Тіркеушінің заңды талаптарын ұсыну, жүзеге асыру немесе қорғау үшін клиенттің дербес деректері қажет болған жағдайда туындамайды.

10. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

- 10.1. Тараптардың әрқайсысы барлық Құпия ақпаратты қатаң құпиялылықта сақтауға және (a) мұндай Құпия ақпаратты осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаумен немесе онымен байланысты емес мақсаттарда пайдаланбауға («Рұқсат етілген мақсаттар»); немесе (b) осы 10-тармақпен тікелей рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, мұндай Құпия ақпаратты кез келген үшінші тарапқа толық немесе жартылай ашпауға міндеттенеді. Егер екінші Тараптың келісімі (оның ішінде электрондық құралдардың көмегімен) алынған болса, сондай-ақ осындай құпия ақпаратты рұқсат етілген мақсаттарда білуі қажет өз өкілдерінің бірі Тарап кез келген үшінші тарапқа құпия ақпаратты аша алады: (a) ол мұндай Өкілдерге Құпия ақпараттың ол ашылғанға дейін құпиялылық сипаты бар екендігі туралы хабарлаған; және (b) ол өз Өкілдерінің олар ашқан кез келген Құпия ақпаратқа қатысты осы 10-тармақта жазылған міндеттемелерді олар осы Шарттың тарабы сияқты сақтауды қамтамасыз еткен жағдайда аша алады және осы 10-тармақта жазылған міндеттемелерді қандай да бір Өкілдің сақтамағаны үшін жауап береді.
- 10.2. Клиент осындай Эмитент шығарған Инвестиция нысандарын Клиенттің сақтауы туралы, Клиенттің Тізілімдегі шотында көрсетілген ақпаратты, Эмитенттің кез келген дивидендтерді төлеуімен немесе Клиенттің дауыс беру құқығын немесе мән-жайға байланысты кез келген басқа да құқықтарды пайдалануын қоса, алайда олармен шектелмей, кез келген корпоративтік іс-қимылмен байланысты Эмитенттің сұрауы бойынша ашуға Тіркеушіге тікелей өкілеттік береді.
- 10.3. Тарап Құпия ақпаратты мұндай Құпия ақпарат заңнамаға сәйкес, кез келген мемлекеттік немесе басқа реттеуші органмен, не болмаса сотпен немесе құзыретті юрисдикцияның басқа органымен ашылуы тиіс дәрежеде бере алады, егер заңмен рұқсат етілген дәрежеде ол екінші Тарапқа мұндай беру туралы барынша ертерек хабарласа және егер ақпаратты беру туралы хабарламаға тыйым салынбаса және ол осы 10-тармаққа сәйкес берілсе, ол осы жағдайларда іс жүзінде қаншалықты мүмкін екендігіне қарай, осындай ашып көрсетудің мазмұнына қатысты екінші Тараптың орынды сұрауларын назарға алады.
- 10.4. Осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тараптардың әрқайсысы: (a) Құпия ақпарат бар, көрінетін, қосылған немесе оған негізделген барлық құжаттар мен материалдарды (және олардың кез келген көшірмелерін) жоюға (бұл іс жүзінде қаншалықты мүмкін болуына және 8-тармақты (Құжаттарды сақтау) немесе екінші Тарапқа қайтаруға; (b) компьютерлер мен коммуникациялық жүйелерден және құрылғылардан барлық Құпия ақпаратты, үшінші тараптардың құжат сақтау жүйелері мен қызметтерінен қоса, өшіруі (Құжаттарды сақтау) ескерумен бұл техникалық және заңды тұрғыдан қаншалықты дәрежеде жүзеге асыруға болатын шамада) міндетті. Бұл ретте алушы Тарап Құпия ақпарат бар, көрінетін, қосылған немесе Құпия ақпаратқа негізделген барлық құжаттар мен материалдарды заңнама немесе кез келген уәкілетті мемлекеттік немесе реттеуші

орган талап ететін дәрежеде сақтай алады. Осы 10-тармақ ережелері алушы Тарапта сақтаулы кез келген осындай құжаттар мен материалдарға қолданылады.

- 10.5. Осы 10-тармақтың ережелері келесі жағдайларда қолданылмайды: (а) жалпыға қолжетімді болып табылатын немесе жалпыға қолжетімді болатын (қабылдаушы Тарап немесе оның өкілдері оны 10-тармақты бұзып ашуының нәтижесін қосапағанда); (b) беретін Тарап ақпарат берілгенге дейін алушы Тарапқа құпия емес негізде қолжетімді болған; (с) алушы Тарапқа қолжетімді болған, болып табылатын немесе алушы Тараптың білуінше ашатын Тараппен құпиялылық туралы келісіммен байланыспаған немесе ақпаратты ашуға оған өзгеше түрде тыйым салынбаған тұлғадан алушы Тарапқа құпия емес түрде қолжетімді болған;
- (d) Тараптар мұндай Құпия ақпараттың құпия болып табылмайтыны немесе ашыла алатыны туралы жазбаша нысанда келісімге келгенде.

11. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

Тіркеуші осы Шартқа сәйкес Тіркеуші дайындаған немесе оның атынан дайыналған Зияткерлік меншікке құқықты иеленеді.

- 11.1. Клиент осы Шартқа сәйкес ол Тіркеушіге берген барлық деректерге, құжаттамаға және басқа материалдарға авторлық құқықты сақтайды.

12. ИНВЕСТИОРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 12.1. Тіркеуші Инвестиция нысандарына (жазбаша немесе ауызша) инвестицияның жарамдылығына немесе жалпы алғанда кез келген Инвестиция нысандарына немесе инвестицияларға қатысты ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік бермейді.
- 12.2. Тіркеуші Инвесторды хабардар етуге немесе қандай да бір құқықтарды алуға, кез келген түрлендіру немесе жазылу құқықтарын жүзеге асыруға, сатып алу шараларын қабылдауға, басқа ұсыныстарға, капитал құрылымын өзгертуге немесе корпоративтік оқиғаларға, осындай Корпоративтік әрекеттерді жасауға немесе дискрециялық әрекетті талап ететін кез келген Шотта сақталған бағалы қағаздарға қатысты басқа әрекеттерді қабылдауға жауапты емес.
- 12.3. Осы шарт бойынша Тіркеушінің міндеттері қатаң министрлік сипатта болады және осы шартта нақты көрсетілген міндеттермен шектеледі. Осы шартта ешнәрсе Тіркеушіге сенімгерлік жауапкершілік жүктейді деп түсіндірілмеуі керек.

13. ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ КЕПІЛДІГІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

- 13.1. Тіркеуші тізіліммен немесе Шарт күшіне енетін күнге дейін Клиент шығарған немесе оның атынан шығарылған кез келген құжатпен байланысты кез келген мәселелерге қатысты қандай да бір залалдар, міндеттемелер, сот шешімдері, талап арыздар, әрекеттер, сот талқылаулары, наразылықтар, айыппұлдар, залал немесе шығыстар үшін (олардың пайда болуына қарай, орынды сот шығыстарын және өзге де заңгерлік шығыстарын қоса) жауап бермейді. Тіркеуші Шарт күшіне енетін күнге қандай да бір тексеріссіз Тізілімді Клиенттің тиісті Инвестиция нысандарының шынайы, дәл және толық тізілімі деп санай алады.
- 13.2. Клиент: (i) Клиенттің осы Шарттың немесе АХҚО-ның кез келген қолданылатын заңнамасының, Тіркеуші Қағидаларының талаптарын бұзуының; (ii) осы Шартқа сәйкес Клиентке ұсынылатын қызметтерге қатысты Клиент оның атынан әрекет

ететін немесе әрекет етуге ниетті үшінші тарап Тіркеушіге қоятын кез келген наразылықтардың нәтижесінде немесе олармен байланысты туындайтын кез келген залалдар, міндеттемелер, сот шешімдері, талап арыздар, әрекеттер, сот талқылаулары, наразылықтар, айыппұлдар, залал немесе шығыстарды (олардың пайда болуына қарай, орынды сот шығыстарын қоса) талап ету бойынша өтеуге және Тіркеушіні, оның үлестес тұлғаларын, оның және олардың тиісті директорларын, лауазымды тұлғаларын, қызметкерлерін және агенттерін олар үшін жауапкершіліктен қорғауға міндеттенеді. Тіркеуші Клиентке: (i) Тіркеуші алған кез келген осындай әрбір наразылық туралы уақтылы жазбаша хабарлама; (ii) осындай наразылықты даулауды тиісінше бақылау; және (iii) кез келген осындай наразылықты реттеу немесе даулау үшін ақпарат пен орынды жәрдем ұсынуға міндеттенеді. Жоғарыда баяндалғанға қарамастан, егер мұндай реттеу Тіркеушіден қандай да бір әрекеттер атқаруды, қандай да бір әрекеттерден қалыс қалуды немесе өзіне қандай да бір міндет алуды талап ететін болса, Клиент мұндай наразылықтарды Тіркеушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз реттемеуге міндеттенеді.

- 13.3. 13.6 тармаққа сәйкес Тіркеуші де, оның үлестес тұлғалары да Клиенттің немесе қандай да бір басқа тараптың алдында: (i) себебіне байланыссыз Тізілімге қосылу мүмкіндігінің жоғалуы нәтижесінде немесе онымен байланысты немесе кез келген басқа жүйенің жаңылысынан туындаған; (ii) Клиенттің есептік жазбасын заңды рұқсат алусыз пайдалануды қоса, алайда онымен шектелмей, Клиенттің немесе Тіркеушінің Тізілімге қолжетімділікті реттейтін жүйелеріндегі немесе басқару құралдарындағы жаңылыс нәтижесінде немесе онымен байланысты туындаған; (iii) Тіркеушінің пайдалануынан болған немесе өзгеше түрде орын алған кез келген қателіктердің, кідірістердің немесе жаңылыстардың нәтижесінде немесе олармен байланысты туындаған; немесе (iv) осы Шарттың 18-тармағында (Форс-мажор) анықталғандай кез келген басқа оқиғамен туындаған залалдар, міндеттемелер, сот шешімдері, талап арыздар, әрекеттер, әрекетсіздік, сот талқылаулары, наразылықтар, айыппұлдар, залал немесе шығыстар (сот шығыстарын және өзге де заңгерлік шығындарды қоса) үшін жауап бермейді.
- 13.4. 13.6 тармаққа сәйкес Тіркеуші де, оның үлестес тұлғалары да Клиенттің немесе қандай да бір басқа тараптың алдында Клиенттің Тізілімді пайдалануынан немесе кез келген қателіктерден, кідірістерден немесе жаңылыстардан туындаған немесе Тіркеушінің немесе оның үлестес тұлғаларының немесе оның немесе олардың тиісті директорларының, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және агенттерінің Клиент бастамашылық еткен қандай да бір нұсқауды немесе ақпаратты өндеуге қабілетсіздігі салдарынан туындаған кез келген залалдар, міндеттемелер, сот шешімдері, талап арыздар, әрекеттер, әрекетсіздік, сот талқылаулары, наразылықтар, айыппұлдар, залал немесе шығыстар (сот шығыстарын және өзге де заңгерлік шығындарды қоса) үшін жауап бермейді.
- 13.5. Клиент қалпына келтіру шараларын қабылдаған және бизнес-процестердің үздіксіздігін қамтамасыз еткен жағдайда Клиент осы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерің орындалмауы немесе кідірілуі үшін жауап бермейді (Клиенттің осы Шарттың 18-тармағында (Форс-мажор) анықталған себептер бойынша Тарифтер төлеуінен басқа). Алдыңғы ережеде көрсетілген оқиғалардың қайсыбіреуінің әрекет ету кезеңінің ішінде Клиенттің осындай оқиғалар ықпал еткен міндеттемелерінен басқа осы Шарт бойынша міндеттемелері толық күші мен әрекетін сақтайды және Клиент мұндай міндеттемелерді орындауын жалғастыруға міндеттенеді. Жоғарыда айтылғанға қарамастан, осы 13.5

тармақтағы ештеңе Клиенттің Тарифтер төлеуіне қатысты Клиенттің міндеттемелеріне ықпал етпейді.

13.6. Осы Шартта:

- (a) Тіркеушінің, оның үлестес тұлғаларының немесе оның немесе олардың директорларының, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және агенттерінің немесе кез келген желілік қызметтерді жеткізушілерінің олардың Клиенттің адында бар болуы мүмкін қандай да бір міндеттемелерін немесе жауапкершілігін, бұл заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынбаған жағдайларда, жоққа шығармайды немесе шектемейді; немесе
- (b) Тараптың қасақана заңсыз іс-қылығымен немесе алаяқтығымен тікелей байланысты болуы мүмкін қандай да бір наразылықтарды жоққа шығармайды немесе шектемейді.

13.7. Осы Шартта арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, әр Тарап осы арқылы өзінің екінші Тарап жасаған қандай да бір кепіл болуларға, талапшарттарға, кепілдіктерге немесе мәлімдемелерге сенім артпағанын растайды.

13.8. Осы Шартта көзделген құқықтар мен құқықтық қорғау құралдары заңмен көзделген қандай да бір құқықтар мен құқықтық қорғау құралдарын жоққа шығармайды, керісінше, толықтырады.

14. ШАРТТЫ БҰЗУ

2-тармақта қарастырылған бұзу құқығына қосымша және 14.2 тармаққа сәйкес дереу күшіне енетін жазбаша хабарлама жолдап, Тіркеуші өз қызметтерін көрсетуді тоқтата тұра алады, Клиенттің шотын бұғаттай алады немесе осы Шартты бұза алады, егер:

- (a) Клиент ақпаратқа немесе құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда бұл ақпарат пен құжаттарды уақтылы жаңартуды қоса, 4-тармақта көрсетілгендей, Тіркеуші талап ететін кешенді тексеріс процедураларынан қанағаттанарлық түрде өтпесе;
- (b) Клиент өзінің осы Шарт немесе Тіркеушінің Қағидалары немесе АХҚО-ның кез келген қолданылатын заңнамасының талаптар бойынша міндеттемелерін қандай да бір елеулі түрде бұзса; немесе
- (c) Клиент осы Шарт немесе Тіркеушінің Қағидалары немесе АХҚО-ның кез келген қолданылатын заңнамасының талаптары бойынша міндеттемелерін қандай да бір түрде бұзуды ескерту алғаннан кейін қайталаса немесе жасғастырса; немесе
- (d) Клиент Тіркеушінің бизнесіне немесе беделіне залал келтіретін немесе келтіруі мүмкін қандай да бір әрекетке немесе әрекетсіздікке, немқұрайлылыққа жол берсе;
- (e) Клиент негізді күдіктің аясында алаяқтық, әрекетке қабілеттілігі шектеулі, тиісті емес қызметпен айналысса; немесе

- (f) Клиенттің кейбір немесе барлық активтеріне меншік құқығы даулы екендігі туралы Клиент немесе Тіркеуші негізделген хабарлама алса;
- (g) санкциялармен байланысты оқиға орын алды және жалғасуда және / немесе Тіркеуші (i) қызметтерді ұсыну санкциялармен байланысты тәуекелдерге байланысты АІХ Тобы бизнесіне айтарлықтай теріс әсер етеді немесе (ii) Тіркеуші санкциялар салуға әкелуі мүмкін деп немесе (iii) мүдделі тараптардың, клиенттердің немесе АІХ Тобы контрагенттерінің қолданыстағы Санкцияларды бұзуына әкеп соқса.

14.1. Осы Шартты 14.1 тармаққа сәйкес бұзу бұзу туралы хабарлама тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

14.2. Осы Шарттың Құпиялылыққа (10-тармақ), Зияткерлік меншікке (11-тармақ), Залалдарды өтеу кепілдіктеріне және жауапкершілікті шектеуге (13-тармақ), сондай-ақ дауларды шешуге (27-тармақ) қатысты ережелері осы Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін де күшінде қалатын болады.

15. БҰЗУДЫҢ САЛДАРЫ

15.1. Шартты 2-тармаққа сай хабарламаға сәйкес болсын немесе 14-тармаққа сәйкес болсын бұзған кезде:

- Тіркеуші осы Шарттың 4-тармағына сәйкес талап ететін Клиентті кешенді тексеру нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайды қоспағанда, әрбір Тарап бұзу күшіне енген күні басталып қойған кез келген транзакцияны аяқтауға міндеттенеді.
- Тараптардың әрқайсысы осы Шартпен қарастырылған қарым-қатынастарды Клиентке, бизнеске немесе Тараптардың беделіне теріс әсер етусіз тиімді тоқтатуды қамтамасыз ету үшін барлық орынды шараларды қабылдауға келіседі.
- егер қандай да бір сома Клиенттің төлеуіне жатқызылса, Клиент бұл соманы осы Шарттың және Тіркеуші Қағидаларының талапшарттарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

15.2. Егер осы Шартпен өзге қарастырылмаса, шот тек (i) Клиенттің шотында Инвестиция нысандары жоқ болған; (ii) Клиенттің шоты бұғатталмаған және (iii) орындалмаған бұйрықтар жоқ болған жағдайда ғана жабылуы тиіс.

16. ШАРТТЫҢ ЭКСКЛЮЗИВТІ ЕМЕСТІГІ

Тіркеуші өзі керекті деп санаған талапшарттармен кез келген басқа тарап үшін тіркеуші ретінде бола алады және оған осындай міндеттемелерді орындау кезінде белгілі болуы мүмкін немесе оның Қызметтер жеткізуші ретіндегіден басқа болуы кезінде оған белгілі болуы мүмкін қандай да бір мәліметтерді Клиентке ашуға міндетті емес.

17. АГЕНТТЕР КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Қызметтер көрсету кезінде Тіркеушінің арнайы сипаттағы белгілі бір мәселелерді шешу үшін (басқалармен бірге, корпоративтік кешенді тексерісті, аударымдарды өңдеуді, поштамен жөнелтуді, сақтауды, компьютерлерде деректерді енгізу мен өңдеуді қоса) Тіркеуші қажетті деп санайтын агенттерді жалдау құқысы бар болады.

18. ХАБАРЛАМАЛАР

- 18.1. Осы Шарттың шеңберіндегі кез келген хабарлама немесе өзге де хабар жазбаша түрде рәсімделуі және электрондық поштамен, SMS, басқа да электрондық тәсілмен жіберілуі, соның ішінде Қосымша арқылы push-хабарламалар, тікелей апарып берілуі немесе поштамен осы Шартта көрсетілген мекенжай бойынша және өтінім нысанында жіберілуі тиіс.
- 18.2. Тіркеуші өз клиенттері үшін кез келген хабарламаны өзінің веб-сайтында жариялауға немесе хабарламаны электрондық поштамен, электрондық құралдардың көмегімен, әдеттегі поштамен немесе Тіркеуші үшін қолайлы басқа да тәсілдермен жібере алады және бұл тиісінше хабар болып есептеледі.
- 18.3. Ешқандай хабарламаның немесе өзге де хабардың ол алынбайынша күші болмайды. Алушы хабарды:
- (a) электрондық поштамен / электрондық құралдардың көмегімен жөнелтілген жағдайда – ол жіберілген жұмыс күні немесе егер ол сағат 17:30-дан (алатын жердегі) кейін жіберілсе - келесі жұмыс күні немесе егер ол жұмыс күні емес күні жіберілсе – жіберілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні;
 - (b) жекелей жеткізіліп берілген жағдайда – жеткізген кезде;
 - (c) пошта қызметтері жағдайында – жеткізген кезде;
 - (d) Тіркеуші веб-сайтта жариялаған жағдайда – жариялаған кезде алған болып есептеледі.

19. ҮЗІНДІ КӨШІРМЕЛЕР

Үзінді көшірмелер Tabus қосымшасы арқылы жасалуы мүмкін.

20. ФОРС-МАЖОР

- 20.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді жартылай немесе толық орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындамауды өртті, жер сілкінісін, әскери іс-қимылдарды және мемлекеттік органдардың Тараптардың кемінде біреуі үшін міндетті болып табылатын нормативтік нұсқауларын қоса, алайда олармен шектелмей, Шартты жасасқан кезде туындаған форс-мажорлық мән-жайлар туындатса және мұндай мән-жайлар Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей әсер етсе.
- 20.2. Форс-мажорлық мән-жайлардың әрекетіне ұшыраған Тарап екінші Тарапқа мұндай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша

түрде хабарлауға міндеттенеді. Хабар бермеу / уақтылы емес хабарлау форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, хабарлама бермеу немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау үшін жауапкершіліктен босатуға негіз ретінде жоғарыда тізілген мән-жайлардың кез келгеніне сілтеме жасаудан айырады.

- 20.3. Уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының ұйымы немесе форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жердегі басқа юрисдикция берген құжаттар форс-мажордың тиісінше дәлелі болып табылады.
- 20.4. Егер өзге келісімесе, форс-мажорлық мән-жайлардың әрекет етуі уақытында әр Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелері (төлеу бойынша міндеттемелерін қоспағанда) тоқтатыла тұрады және себептің немесе мән-жайдың әрекеті біткеннен кейін мүмкіндігінше жылдам қайта басталады.

21. КЛИЕНТТІҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ, КЕПІЛДІКТЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

- 21.1. Клиент төмендегілерді мәлім етеді, оларға кепіл береді және міндеттенеді:
- 21.1.1. Клиент берген ақпарат пен құжаттама шынайы, толық және дәл және жаңылдырмайтын болып табылады және банк деректемелерін, Клиенттің заңды мекенжайы мен іс жүзіндегі мекенжайын және / немесе сәйкестендіру деректерінің басқа өзгерістерін қоса, алайда олармен шектелмей, ақпарат, деректер, құжаттама өзгерген жағдайда, маңызды ақпараттың өзгерістері туралы хабарламаның толтырылған нысанын қоса, тиісті растаушы құжаттарды бере отырып, Тіркеушіге кідіріссіз хабарлауға келіседі. Шынайы, толық және дәл ақпарат бермеу осы Шартты бұзу болып табылатынын Клиент түсінеді;
 - 21.1.2. Клиент қолданыстағы немесе қолданылуы мүмкін және әр уақыттарда өзгерістер енгізілуі мүмкін кез келген қолданымды АХҚО құқығын, Тіркеушінің Қағидаларын сақтайтынын және олармен шектеулі болатынын растайды және олармен келіседі. Клиент Тіркеушіні жазбаша түрде кез келген корпоративтік әрекет туралы (егер қолданымды болса) немесе Клиентке қолданылатын АХҚО заңнамасының, Тіркеуші Қағидаларының талаптарына сәйкес келуін Клиенттің доғаруына әкелетін басқа оқиға туралы кідіріссіз хабарлауға міндеттенеді;
 - 21.1.3. оның осы Шартты рәсімдеуге, жеткізуге және орындауға өкілеттігі бар;
 - 21.1.4. оның осы Шартпен қарастырылған ақпаратты, құжаттаманы беру үшін барлық қажетті құқықтары, рұқсаттары мен лицензиялары бар және АІХ Тіркеушісіне қолжетімділік үшін оның кез келген бағдарламалық жасақтаманы немесе жабдықтарды пайдалануы үшінші тараптардың зияткерлік меншігін немесе басқа құқықтарын бұзбауы тиіс.
 - 21.1.5. Клиент өз атынан әрекет ететінін және ешбір үшінші тұлғалардың мүдделерін білдірмейтіндігін;
 - 21.1.6. Клиент осы Шартты оқығанын, түсінгенін және қабылдайтындығын және оның барлық шарттары мен талаптарын сақтауға келісетіндігін;
 - 21.1.7. Клиент Тіркеушінің осындай міндеттемелерді орындауға міндеттенетінін және тек осы Шартта арнайы көрсетілген міндеттемелерді және осы Шарт бойынша ешқандай болжамды міндеттемелердің жоқ екенін түсінеді, кепілдендіреді, куәландырады және міндеттенеді.

22. КЛИЕНТТІҢ АКТИВИ

Тіркеуші Клиенттердің Инвестиция нысандары Тіркеушінің меншіктік активі болып табылмайтынын және оның бухгалтерлік балансына енгізілмегенін қамтамасыз етеді. Тіркеуші өз активтерін Клиенттердің Инвестиция нысандарынан бөлек ұстайды және Тізілімде Клиенттердің Инвестиция нысандарының дербес жазбасын жүргізеді.

23. СӘЙКЕССІЗДІК

Тіркеушінің Қағидалары мен осы Шарттың арасындағы кез келген сәйкессіздік жағдайында Тіркеушінің Қағидалары басым күшке ие болады.

24. ҚАЙТА ТАБЫСТАУ

Тіркеуші Клиенттің келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін кез келген аффилирленген тұлғаларға бере алады және/немесе табыстай алады. Клиенттің осы Шарт бойынша өзінің қандай да бір құқықтарын және/немесе міндеттемелерін беруге және/немесе табыстауға құқығы жоқ.

25. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖОҚТЫҒЫ

Осы Шарттағы немесе Тараптардың арасындағы ештеңе Тараптар арасында қандай да бір серіктестік қарым-қатынастар жасамайды, құрамайды және олар туралы куәлік етпейді.

26. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Тіркеуші осы Шарттың кез келген талаптарына өзгерістерді, оларды Тіркеушінің aix.kz веб-сайтында немесе Tabus қосымшасында орналастырып немесе мұндай өзгерістер туралы Клиентке хабарлама жолдай отырып, бір жақты тәртіпте енгізуге құқығы бар.

27. МӘЛІМДЕМЕЛЕРДІҢ КҮШІН ЖОЮ

Осы Шарт Тараптардың кез келгені осы Шарттың пәніне қатысты жасаған барлық алдыңғы мәлімдемелер мен кепілдерді (айқын немесе ойдағы) алмастырады және олардың күшін жояды.

28. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

28.1. Бастапқы процесс

- (a) Істің соттан тыс қарау 28.2 тармаққа сәйкес, егер дау (осы Шарт бойынша міндеттемелердің болжалды бұзылуын немесе орындалмауын қоса), осы Шартқа сәйкес немесе онымен байланысты туындаса (әділдік құқығы бойынша немесе кез келген заңға сәйкес, кез келген азаматтық-құқықтық наразылықтарды қоса), Тараптардың ешқайсысы да, егер ол алдымен осы 28.1 тармақтың ережелерін сақтамаса, сотта дауға қатысты қандай да бір істің қаралуын бастай алмайды.

(b) Дау туралы хабарлама

Дау туындады деп санайтын кез келген Тарап даудың сипатын орынды нақтылықтармен көрсете отырып, екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жолдауы тиіс.

(c) Дауларды шешудің формалды емес әдістері

Мұндай хабарламаны алған кезде Тараптар дауларды шешудің сараптамалық бағалау немесе анықтау сияқты формалды емес әдістерін немесе олармен келісілген осыларға ұқсас әдістерді пайдаланып, даудың тез келісілуі үшін барлық орынды күштерін салулары тиіс.

(d) Соттың істі қарауы

Егер Тараптар хабарлама алған сәттен бастап 28 (жиырма сегіз) күнтізбелік күн ішінде (немесе әр Тарап жазбаша нысанда келісім берген ұзағырақ кезең ішінде) келісімге келмесе немесе Тараптардың бірі келіссөздер жүргізуден жалтарса, осы Шарттан немесе онымен байланысты, оның бар болуына, жарамдылығына немесе оны бұзуға қатысты кез келген мәселені қоса, туындайтын кез келген дау шарттық немесе шарттан тыс болса да, алдымен АХҚО Халықаралық төрелік орталығына оның Төрелік және медиация қағидаларына сәйкес медиация процедурасымен қарауға беріле алады. Шешілмеген дау АХҚО Сотына қарауға беріледі және АХҚО Сотының Регламенті мен Қағидаларына сәйкес түпкілікті шешіледі.

28.2. Құқықтық қорғау құралдары

Егер қандай да бір Тарап қандай да бір әрекетті, операцияны немесе іс-қылықты жасаса немесе жасамаса, не болмаса жасау немесе жасамау қаупін төндірсе және екінші Тараптың орынды пікірінше бұл әрекет немесе әрекетсіздік немесе әрекет немесе әрекетсіздік қаупі:

- (i) осы Шарты бұзу болып табылса, табылатын болса немесе табылуы мүмкін болса; немесе
- (ii) екінші Тараптың қаржылық ахуалына, операцияларына немесе коммерциялық немесе қаржылық перспективаларына елеулі түре қолайсыз әсер етсе, ететін болса немесе етуі мүмкін болса,

онда осы 28-тармақтағы ештеңе екінші Тараптың бұл әрекетке немесе әрекетсіздікке немесе әрекет немесе әрекетсіздік қаупіне қатысты сотпен тыйым салынуына, нақты орындау туралы бұйрыққа немесе әділдік құқығы бойынша құқықтық қорғаудың басқа құралдарына сот тәртібімен қол жеткізуіне кедергі болмайды.

28.3. Міндеттемелерді орындауды жалғастыру

Даудың бар болуына және осы 28-тармақтың қолданылуына қарамастан, Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруы тиіс.

29. ҚОЛДАНАТЫН ЗАҢНАМА

Осы Шарт АХҚО заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

1-ҚОСЫМША – ТІРКЕУШІГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАНДАРТТАРЫ

Сала	Стандарт.
Жұмыс уақыты	Жұмыс күндері 9.00-дан бастап 18.00-ге дейін, дүйсенбі жұма аралығында.
Хат-хабар	Барлық хат-хабардың 95%-ына орташа алғанда бес Жұмыс күні ішінде жауап беру қажет және егер егжей-тегжейлі тексеру талап етілмесе, бұл жағдайда растау бес Жұмыс күні ішінде жіберілетін болады. Айрықша белсенділік кезеңдері жабылмаған позиция Клиентпен келісу бойынша бақыланатын болады.
Меншік құқығының аударымдары	Жарамды меншік құқығының аударымдардың барлығы алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тіркеледі.
Мекенжайдың өзгеруі	Барлық өзгерістердің 95%-ы алған мезеттен бастап орташа алғанда бес Жұмыс күні ішінде өңделеді.
Заңгерлік құжаттар	Некелер, өсиетті растау, сенімхаттар мен сот қаулыларына қатысты барлық тиісті заңгерлік құжаттардың барлығының 95%-ы тіркеледі және алған күннен бастап орташа алғанда бес Жұмыс күні ішінде жауапқа беріледі. Айрықша белсенділік кезеңдері жабылмаған позиция Клиентпен келісу бойынша бақыланатын болады.

Байланыстық ақпарат: Тіркеуші командасы

Email: ptd@aix.kz

Тел.: +7 (7172) 235 379

Мекенжайы: Астана, Мәңгілік Ел даңғылы 55/19, блок С 3.4.

